

Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырысы

Хаттама № 5

Педагогикалық кеңестің барлық мүшелері- Барлығы қатысты

Күн тәртібі

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы.
2. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалаудың дайындау және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдармен танысу
3. "Далабай ауылдының негізгі орта мектебі" КММ Өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия құрамын бекіту

Тындауды:

1. Мектеп директоры Т. М. Амиргазина қатысуышыларды кезектен тыс отырыстың күн тәртібімен таныстыруды.
2. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Т. М. Амиргазина сөз сөйлемі. Мемлекеттік аттестаттау 5 жылда бір рет ҚР "Білім туралы" Заңының және БФМ 02.02.2016 жылғы №124 бұйрығының негізінде өткізіледі. Білім беру ұйымы өзінің интернет-ресурстарында 6 – 12 косымшаларды орналастырады. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17669 болып тіркелген) бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылады:
 - 1) оку нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
 - 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оку жүктемесінің ең жоғары көлемі;
 - 3) білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) даярлық деңгейі;
 - 4) оку мерзімі.
3. Екінші мәселе бойынша директордың ОЖБ жөніндегі орынбасары З. Қ. Мықтыбекова сөз сөйлеп, білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерімен 27.06.2023 № 183 таныстыруды МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде бағалау критерийлері пайдаланылады. Критерийлер бойынша мемлекеттік аттестаттаудың алдындағы білім беру ұйымдарын бағалау білім беру ұйымдарында оқыту нәтижелерін бағалау рәсімін қолдана отырып жүргізіледі, бұл ретте мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын алдынғы еki оку жылы және ағымдағы оку жылы бағаланатын кезең болып табылады.
4. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері мынадай нақты өлшеуіштер бойынша жүзеге асырылады:
 - 1) оқыту нәтижелерін бағалау білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі – компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша 4, 8-сыншылардың білім алушылары арасында жүргізіледі;

- 2) компьютерлік тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствоның лауазымды адамдары және оның аумақтық бөлімшелері байқаушылар ретінде өткізеді;
- 3) компьютерлік тестілеу оған білім беру нәтижелерін бағалауға жататын белгілі бір білім деңгейі контингентінің тізімдік құрамынан білім алушылардың кемінде 90 % - ы қатысқан кезде жүргізіледі;
- 4) білім алушылар компьютерлік тестілеу рәсімінен босатылады және мынадай жағдайларда оқыту нәтижелерін бағалауға жататын білім алушылар контингентінің тізімдік құрамына енгізілмейді: психологиялық - медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындылары (ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін); білім беру үйімдегі бағалау кезеңінде деңсаулық жағдайы немесе полимеразды тізбекті реакцияның он нәтижелері бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындылары;
- 5) бастауыш, негізгі орта (пайыздық қатынаста) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шкаласы мынадай түрде айқындалады: "өте жақсы" - 85-100 %; "жаксы" - 65-84 %; "қанағаттанарлық" - 40-64 %; "қанағаттанарлықсыз" – емтихан материалындағы сұрақтар санынан дұрыс жауаптардың 40% - дан азы;
- 6) компьютерлік тестілеу нәтижелері цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағаланады, бұл ретте апелляция рәсімі көзделмейді;
- 7) Білім беру үйімдарын бағалау өлшемшарттарына деңгейлердің біріне және "ұлгілі" - 5, "жаксы" - 4, "жаксартуды талап ететін" - 3, "төмен" - 2 балына сәйкес келетін өлшеуіштер қолданылады.
- 8) өлшеуіштер білім беру үйімдарын бағалау өлшемшарттарына осы Өлшемшарттарға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес қолданылады.
- 9) білім беру үйімы қызметінің деңгейі бағалау критерийлері балдарының жалпы сомасы бойынша айқындалады.
- 10) ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері онлайн форматта сауалнама жүргізеді:

Білім алушыларға, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ата-аналарына (занды өкілдеріне) сауалнама респонденттердің кемінде 90% қатысқан кезде жүргізіледі

4. Мектеп директоры Т. М. Амиргазина мектептің өзін-өзі атtestаттау жөніндегі комиссиясын құруды ұсынды

1. Амиргазина Т. М. - комиссия тәрағасы

Комиссия мүшелері: Алмуханбетова А.Т- директордың ТІМ жөніндегі орынбасары

Мықтыбекова З. Қ. - директордың ОІМ жөніндегі орынбасары

Шешім: 1. Ұжымның барлық мүшелеріне өзін-өзі бағалау бойынша материал жинау кезінде көмек көрсету.

2. Өзін-өзі атtestаттау жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

Мектеп директоры:  Амиргазина Т.М

